Erkmen, O. and Bozoglu, T.F. (2016a). Food Microbiology Principles into Practice. Volume 1: Microorganisms Related to Foods, Foodborne Diseases and Food Spoilage. John Wiley and Sons, Ltd., Oxford, Chicester, 2016.

Erkmen, O. and Bozoglu, T.F. (2016b). Food Microbiology Principles into Practice. Volume 2: Microorganisms in Food Preservation and Processing. John Wiley and Sons, Ltd., Chichester, UK., 2016.

Evrendilek, Gülsüm A., Mehmetoğlu, Arzu Ç., Coşansu, S. ve Erkmen, O. (2010). Yeni Yöntemlerle Gıdaların Korunması. Erkmen, Osman (Editör), Gıda Mikrobiyolojisi. Efil Yayınevi, Ankara, ss.307-344.

Huang, L. (2008) Growth kinetics of *Listeria monocytogenes* in broth and beef frankfurters determination of lag phase duration and exponential growth rate under isothermal conditions. Journal of Food Science, 73 (5), E235-E242.

**MEMBRAN BİYOREAKTÖR SİSTEMİ İLE ÇÖP SIZINTI SUYU ARITIMI VE  
NANOFİLTRASYON KONSANTRESİ ARITILABİLİRLİĞİ DENEYSSEL  
ÇALIŞMASI**

TREATMENT FOR LEACHATE WITH MEMBRANE BIOREACTOR AND  
NANOFILTRATION CONCENTRATE TREATABILITY EXPERIMENTAL STUDY

**Şahan DEDE**

İZAYDAŞ Atık ve Artıkları Arıtma Yakma ve Değerlendirme A.Ş.  
sahan.dede@izaydas.com.tr

**Prof. Dr. K. Süleyman YİĞİT**

Kocaeli Üniversitesi Mühendislik Fakültesi Makina Mühendisliği  
kyigit@kocaeli.edu.tr

**ÖZET**

Kocaeli ilinde evsel atıklar İZAYDAŞ katı atık depolama sahalarında depolanarak bertaraf edilmektedir. Bu sahalarda oluşan çöp sızıntı sularının arıtılması için biyolojik + kimyasal, elektrokoagülasyon ve membran biyoreaktör prosesleri ile arıtılabilirlik çalışmaları yapılmış, çöp sızıntı suları için en uygun arıtma yönteminin MBR+NF (Membran Biyoreaktör + Nanofiltrasyon) olduğu tespit edilmiştir. İZAYDAŞ tesislerinde 500 m<sup>3</sup>/gün kapasitesinde MBR+NF yöntemi ile çalışan bir arıtma tesisi kurulmuştur. Tesis arıtma verimliliği KOİ ve amonyum azotu gideriminde sırası ile %95 ve %99'un üzerindedir. İyi kalitede arıtılmış çıkış suyu sağlayan nanofiltrasyon membran ünitesinde oluşan konsantre sıvısı genellikle çöp depolama sahasına geri döndürülerek yönetimi sağlanmaktadır. Ancak konsantrenin depolama sahasına geri gönderilmesi, zamanla arıtma tesisine gelen çöp sızıntı suyu kirlilik yükünün yükselmesine ve arıtma tesisi çalışma performansının olumsuz etkilenmesine neden olmaktadır. Konsantrenin arıtılması ihtiyacı nedeni ile elektrokoagülasyon ve sabit kolon aktif karbon adsorpsiyonu yöntemleri kullanılarak deneysel çalışmalar yapılmıştır.

Bu çalışmalar kapsamında nanofiltrasyon konsantresi için KOİ giderimi; elektrokoagülasyon yöntemi ile % 45, sabit kolon aktif karbon adsorpsiyonu yöntemi ile ise % 20 seviyesinde sağlanmıştır.

İZAYDAŞ MBR+NF arıtma tesisinde 10 m<sup>3</sup>/gün nanofiltrasyon konsantresi çıkmakta olup bu miktar esas alınarak her iki yöntemle çalışacak arıtma tesislerin tasarımı yapılmış, yatırım ve işletme maliyetleri karşılaştırılmıştır. Nanofiltrasyon konsantre arıtımı için en uygun yöntemin 1,14 \$ /m<sup>3</sup> maliyeti ile elektrokoagülasyon olduğu tespit edilmiştir.

**Anahtar Kelimeler:** Arıtma, Çöp Sızıntı Suyu, MBR, Nanofiltrasyon Konsantre.

**ABSTRACT**

Domestic wastes in Kocaeli Province are stored and disposed of on İZAYDAS solid waste storage areas. In order to treat the leachate waters formed in these areas, bio-chemical, electrocoagulation and treatability treatments with membrane bioreactor processes have been carried out and it has been determined that the most appropriate treatment method for waste water is MBR+NF (Membrane Bioreactor + Nanofiltration). A treatment plant operating at

the capacity of 500 m<sup>3</sup>/day by using the MBR+NF method was established at İZAYDAŞ facilities. Plant treatment efficiency is over 95% and 99% for COD and ammonium nitrogen removal, respectively. The concentrated liquid formed in the nanofiltration membrane unit, which provides the purified effluent in good quality, is usually returned to the landfill to be managed. However, the return of the concentrate to the storage site causes the pollution load of the leachate coming to the treatment plant over time to increase and the working performance of the treatment plant to be adversely affected.

Experimental studies were carried out using electrocoagulation and fixed column activated carbon adsorption methods with the requirement of purification of the concentrate. COD removal for nanofiltration concentrate in these studies; 45% by electrocoagulation method and 20% by fixed column activated carbon adsorption method

10 m<sup>3</sup>/day nanofiltration concentrate is produced in leachate MBR treatment plant. Based on this amount, design of the treatment plants to be operated by both methods, investment and operation costs are compared. It has been found that the most adequate method for nanofiltration concentrate treatment is electrocoagulation method with 1,14 \$/m<sup>3</sup> operating cost.

**Keywords:** Treatment, Leachate, MBR, Nanofiltration Concentrate.



**INNOVATION IN EDUCATION OF HONG KONG**

**Wu YICHENG**

Fudan University

**ABSTRACT**

According to the report of the World Economic Forum on the global the Global Competitiveness Report for 2011/2012, Hong Kong ranks 11th in the world ranking of competitiveness among 142 countries that participated in the survey [17]. Wherein by 46 indicators out of 111 used to calculate the global index competitiveness, Hong Kong is among the top ten leaders.

Despite the high quality of education, which is confirmed the fact that a large part of the country's universities regularly fall into the top 100 world ratings, on the microindex "Higher Education" ("Higher education and training") Hong Kong only takes 24th place. Another microindex, which has a backlog, are "Innovations" - 25th place. Specialists of The World Economic Forum links such results with a low participation rate of high school graduates in higher education, this indicator, according to the report, is less than 60% of the all potential entrants. The latter, in turn, leads to a shortage of engineers and professionals who could contribute to accelerate the country's innovative development.

Currently in Hong Kong coming to the end of a decade of large-scale reforms of the education system. The experience of conducting them can be extremely useful, because during the reform, two would be incompatible tasks: maintaining high efficiency "Elite" universities and the transition to mass higher education.

In the first part of the work the essence of the reforms system of education in Hong Kong is discussed, then described the management system education and the procedure for admission to leading universities, in custody generalized facts concerning the development of higher education in Hong Kong.

**Keywords:** Hong Kong, Education, Innovation

## ТРАВЯНЫЕ МЕТОДЫ ЛЕЧЕНИЯ ПРИ ИНФЕКЦИИ ГОРЛА

Айда Бектурокна Садыкова

Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского

### АННОТАЦИЯ

Можно без преувеличения сказать, что неприятные ощущения и боль в горле один из самых распространенных и часто встречающихся симптомов. Мы ощущаем боль, першение и саднение в горле, нам трудно глотать, нас мучает кашель и как следствие возникают трудности с приемом пищи. Как правило, чаще всего такими симптомами характеризуются различные простудные заболевания, но существуют и другие причины их возникновения.

Народная и официальная медицина широко используют лекарственные травы при болезнях горла. Многие растения обладают противовирусными, антибактериальными, противовоспалительными и другими свойствами, помогающими устранить неприятные ощущения в горле и способствующие выздоровлению. Эти средства натуральны, лишены химии, по сравнению с аптечными препаратами не обладают или обладают незначительными побочными эффектами, действуют мягко и эффективно.

Однако, чтобы лечение принесло результат следует знать причину возникновения боли в горле, а для этого нужно посетить врача и узнать точный диагноз. Фитотерапия является доступным средством для лечения заболеваний горла, но только в легкой форме. В более серьезных случаях врач посоветуют совмещать лекарственные растения и натуропатию с медикаментозными препаратами.

## БОРЬБА С ВРЕДИТЕЛЯМИ ЗЕРНА ПРИ ХРАНЕНИИ

Ильгар Мемедов

Азербайджанский Государственный Аграрный Университет

### АННОТАЦИЯ

В последнее время увеличиваются объемы хранения зерна различных культур как в заготовительной системе (элеваторы, хлебоприемные предприятия), так и в системе выращивания (фермерские хозяйства, акционерные объединения). Несмотря на различия, эти системы объединяет общая цель: сохранение зерна без количественных потерь и снижения качества.

Обидно, но именно в процессе хранения наблюдаются довольно большие потери из-за несовершенных технологий, недостаточного количества современных зернохранилищ, ненадлежащий уровень их оснащения. Одна из причин, которая приводит к значительным потерям и снижению качества зерна в процессе хранения, - это вредители хлебных запасов (насекомые, клещи, мышевидные грызуны).

В России и Украине обнаружено свыше 100 видов вредителей, в том числе: клещей - 34, насекомых - 60 (жесткокрылые 51, чешуекрылые 9), мышевидных грызунов 6.

При оптимальных условиях амбарные вредители имеют высокую плодовитость и быстрое развитие, достигают значительной численности. Подсчитано, что один жук амбарного и рисового долгоносиков способен за свою жизнь уничтожить 80 зерен. Особо опасен рисовый долгоносик, который повреждает зерно пшеницы, риса, овса, ячменя, кукурузы, гречихи, сорго, крупы, перловую и муку, изделия из муки, семена проса, масличных и бобовых культур. Зерна, из которых вышли жуки, теряют до 50% своего веса, становятся непригодными для посева и потребления.

Жизнедеятельность амбарных вредителей значительным образом зависит от температурного режима, влажности зерна и воздуха. Например, для ворончатого долгоносика благоприятными являются температура 20...28°C и относительная влажность воздуха 75-90%. При температуре 5...10°C жуки прекращают питание, за 3°C - впадают в оцепенение, за 0°C и ниже - погибают. Рисовый долгоносик более тепло- и влаголюбив: благоприятной для него является температура 26...31°C, а при 13°C и влажности зерна 10% развитие прекращается. Для борьбы с амбарными вредителями применяют систему профилактических (предупредительных) и уничтожающих мероприятий. К мерам относятся работы по подготовке зернохранилищ и операции, которые выполняют с зерном: очистка, сушка, охлаждение, вентилирование, перемещение. К уничтожающим - биологические, физико-механические и химические методы.

**LA CRITTOGRAFIA: UN SISTEMA DI SICUREZZA DEI DATI**

Aldo DANTONIO  
PhD. Università degli Studi di Napoli Federico II

**ASTRATTO**

La crittografia, il cui termine indica "nascosto", è la branca della crittologia che tratta delle "scritture nascoste", ovvero dei metodi per rendere un messaggio "offuscato" in modo da non essere comprensibile, intelligibile a persone non autorizzate a leggerlo.

Un tale messaggio si chiama comunemente crittogramma e le tecniche usate tecniche di cifratura. La necessità di nascondere messaggi strategici da occhi nemici è antica quanto l'uomo.

Si hanno esempi di tecniche di cifratura risalenti agli Spartani (codice Scitola)

Risale a Giulio Cesare l'uso del cosiddetto cifrario di Cesare, un sistema crittografico oggi ritenuto elementare, ma emblema della nascita di un concetto totalmente nuovo e ottimo per comprendere le idee basilari della crittografia e i primi attacchi della sua "avversaria": la crittoanalisi. Fino a pochi anni fa l'unico metodo crittografico esistente era quello della crittografia simmetrica, in cui si faceva uso di un'unica chiave sia per proteggere il messaggio che per renderlo nuovamente leggibile.

Il problema è condividere la chiave di cifratura con il destinatario del messaggio criptato senza che questa venga scoperta.

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ДЫБЫС-БЕЙНЕЛІК  
ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
ТІЛДІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**САБДЕНОВА БАГИЛА АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ\***  
**САТБЕКОВА АЙГҮЛ АМАНТАЕВНА\*\***

**Түйіндеме:** Мақалада жаңартылған білім беру аясында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын қалыптастыру жолдары жайында сөз болады. Жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру барысында жалпы білім беретін мектептерде жаңаша әдіс-тәсілдермен, технологиялармен оқыту жолдары қарастырылуда. Қоғам дамуындағы өзгерістер жеке ғылым саласы ретіндегі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың туындауына әсер етсе, өз кезегінде сол өзгерістер оның оқыту жүйесін де жаңартуды қажет етеді. Осымен байланысты тілді адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың құралы ретінде қарастыру етек алды. Адам мен оның тілін әлеуметтік аспектіде өзара байланыстырып, адамның әлеуметтік рөлі, тілі, мамандығы және қандай әлеуметтік топқа жататындығы, идиологиялық тәуелділігі т.б. арқылы тілдік тұлғаны анықтауға басымдылық берілді. Тілді оқытуда оның тілдік қарым-қатынаста қолданылу дәрежесі мен сипатына, әлеуметтік-психологиялық мәніне көңіл бөлінді. Әдіскер-ғалымдар ана тілінің тек қатысымдық қызметін ғана айқындап қоймай, оның баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы мәніне баса назар аудара бастады. Өйткені тіл арқылы адамдар өмірден өз орнын табады, әркім өзіне қажетті игілікті іске асырады. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру аясында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту қарастырылды. Тілдік дағдыны қалыптастырудың бірден-бір жолы - аудиовизуалды оқыту құралдары екені белгілі. Аталған техникалық құралдарды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану оқыту принциптеріне сүйене отырып, жоғары жетістіктерге жетуге болады.

**Тірек сөз:** мұғалім, бастауыш сынып, қазақ тілі, дамыту, қатысымдық оқыту технологиясы, жаңартылған білім беру, дыбыс-бейнелік құралдары, дағды.

**DEVELOPMENT OF PARTICIPANCE SKILLS IN PRIMARY STUDENTS BY  
MEANS OF AUDIO-VISUAL MATERIALS IN RENEWED EDUCATION SYSTEM**

**Abstract:** The article deals with ways of increasing the communication skills of elementary school students by means of audiovisual means in the context of renewed education. In the context of the content of the updated education, the ways of teaching in general schools with modern methods and technologies are considered. Changes in the

---

\* **Сабденова Багила Алтынбекқызы** - 6D011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 3-курс PhD докторанты [boken\\_888@mail.ru](mailto:boken_888@mail.ru) ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы

\*\* **Сатбекова Айгүл Амантаевна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы [satbekova@mail.ru](mailto:satbekova@mail.ru)

development of society affect the emergence of new trends in linguistic education as a separate field of science, in turn, these changes need to be modernized. In this regard, language was seen as a means of social communication between people. Interpretation of a person and his language in the social aspect, the social role of man, language, profession and social group, ideological dependence, etc. Through the identification of a linguistic person. During the teaching of the language, attention was paid to the degree and nature of the language, the social and psychological significance of the language. Methodologists focused not only on the interactive activities of their native language, but also on the importance of the child as an individual. Through the language people can find their place in life, and everyone will do their best. In addition, the development of communication skills of primary school students through audiovisual media in the context of renewable education is considered. It is known that the only way to develop language skills is audiovisual instruction. Effective use of these technical means in the educational process can be achieved through the principles of teaching.

**Key words:** teacher, elementary school, Kazakh language, development, coeducation technology, updated education, audio engineering, skills.

Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты – оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, Қазақстанның ұлттық білім жүйесіне арналған орта білім беру бағдарламасымен және критериалды бағалау жүйесімен мұғалімдерді қаруландыру. Әр мұғалім осы жаңартылған білім беру аясында жасалынған нормативтік құжаттар мен бағдарламалар және әдістемелік құралдармен өз сабағына қалай қолданып жатқаны жайлы тәжірибе жинақталу шарт.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру. Біз осы курс аясында қажетті, тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу), ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлау, оқу мақсаттарын дұрыс пайдалануды, критерий құруды, бағалаудың тиімді стратегияларын үйрену, практикада дұрыс қолдану.

Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамыту мәселесін зерттеу дағдыны дамыту ұғымының мәнін кеңірек айқындай түсуді талап етеді.

*Дағды* қабілетке, ептілік ұғымдарына синоним ретінде немесе автоматтандырылған әрекет ретінде түсіндіріледі. Неғұрлым кең таралғаны - дағдыны көп рет қайталанған, мақсатты жаттығулар нәтижесінде нығайтылған, мүлтіксіздікке жеткізілген әрекетті атқару ретіндегі анықтамасы. Ол сананың бағытталған бақылауының болмауымен, орындаудың қолайлы уақытымен, сапасымен сипатталады.

Дағдының қалыптасуы, *Н.А.Бернштейн* бойынша – бұл оның жасалуының күрделі үдерісі, ол барлық сенсомоторлық деңгейлік жүйелерді қамтиды. Еске сала кетейік, олардың барлығы (А, В, С, Д, Е тағы ары қарай) кез келген дағдыны үйлестірушілік басқарудың күрделенуші жүйесі болып табылады (жүру, шапшаң жазу, сөйлеу, велосипед тебу т.б.). Мысалы, А деңгейі жазу кезінде жазып отырған қолдың және жұмыс кейібінің жалпы тоникалық фонын; В деңгейі – қозғалыстың баяу қимылы мен уақыттық өрнекті; С деңгейі – сызылған жақты, жазуды; Д және Е деңгейлері жазудың мағыналық жағын қамтамасыз етеді [1].

Н.А.Бернштейн кез келген дағдының жасалуының екі кезеңін бөледі.

Бірінші кезең – *дағдыны меңгеру* – төрт фазаны қамтиды:

- 1) жетекші деңгейді анықтау;
- 2) қимылдың қозғалыстық құрамын анықтау, ол басқа адамның қимылын бақылау мен талдау деңгейінде болуы мүмкін;
- 3) «осы қимылдарды іштей– өзіндік түйсіну» ретінде сәйкес түзетулерді айқындау. Бұл фаза бірден, секіріс түрінде келеді және көбінесе өмір бойы сақталып қалады (егер жүзуді үйренсең онда мәңгілікке үйренесің), алайда бұл бардық дағдыларға қатысты емес;
- 4) фондық түзетулердің төменгі деңгейлерге ауысуы, яғни автоматтандыру үдерісі. Дағдыны қалыптастыру уақытты талап ететіні маңызды, ол барлық қоғалыстардың нақтылығын мен стандарттылығын қамтамасыз ету керек.

Екінші кезең – *дағдылардың тұрақтануы*. Ол да фазаларға таралады

- бірінші – түрлі деңгейлердің бір мезгілде жұмыс істеуі (синергетикалық);
- екінші – стандарттау;
- үшінші – тұрақтану, яғни түрлі кедергілерге төзімділіктің қамтамасыз етілуі.

Кез келген дағдының қалыптасуы үшін маңыздысы деңгейлердің ауысуы, жетекші деңгейден автоматизмге, фондық автоматизмге өтуі болып табылады, сондай-ақ түсініктерді бекіту: сыртқы (басқа іс-әрекетте жаттығудың болмауы т.б.) не ішкі (шаршау, ауыру т.б.) әсер етулердің нәтижесінде дағдылардың босаңсуы және босаңсыған дағдыны қайта қалыпқа келтіру. Осы түсініктердің барлығы оқу іс-әрекеті мен оны ұйымдастыру үшін аса маңызды, себебі олардың кез келгені – жазу, есептеу, компьютермен жұмыс істеу, тапсырманы орындау, аудару және т.б. дағдыға қатысты.

Н.А.Бернштейннің айтуынша, «*дағдының даму диалектикасы келесіде: даму бар жерде әр келесі орындау алдыңғыдан жақсы болады, яғни оны қайталамайды* [1, 175 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының *тілдік дағдыларын дамыту* мәселесін қарастыруда тілдік дағды, оның маңызы, тілдік дағдының түрлері мен оны қалыптастыру жолдары, құралдары ұғым ретінде қарастырылады. Педагогика мен әдістеменің келелі мәселесінің шешімін табуға ықпал етерлік біртұтас үлгіні даярлаудың қажеттілігі туындайды.

Біз жүргізіп отырған зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаттардың бірі – бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы дамытуды зерттеудің әдіснамалық тұғырларын айқындап, оның құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау болып табылады. Сондықтан алдымен мәселені зерттеудің әдіснамалық негіздеріне тоқталуды жөн көрдік. Философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық амалдары сараланды.

*Амал* – зерттеу міндеттері анықтаған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің стратегиясы мен бағытын айқындайды [2, 75].

Бастауыш оқу үдерісіндегі ең тиімді оқыту әдістемесі *тілдік әдіс арқылы оқыту* болып табылады.

*Коммуникативтілік* – қарым-қатынас орнату, ал қарым-қатынастың функционалдық бірлігі коммуникативтік міндет болып табылады, ол тілдік акттың ішінде қызмет атқарады. В.А.Кан-Калик бойынша, тілдік міндетті құруда педагогикалық міндет, мұғалім мен сыныптың педагогикалық қарым-қатынас

деңгейінің болуы, оқушылардың даралық ерекшеліктерін есепке алу, мұғалім өзінің даралық ерекшеліктерін есепке алу, жұмыс әдістерін есепке алуы басшылыққа алынады. Бұл аталғандар қарым-қатынастағы сауаттылық ұғымына алып келеді [3].

Сауатты қарым-қатынастың заңдылықтары:

1. Қарым-қатынаста сенім орнату
2. Шешуді қажет ететін мәселені қою
3. Мәселенің шешімін бірге іздеу
4. Ортақ нәтиже алу

Бастауыш оқу үдерісінде оқушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыру төмендегі *принциптерге* негізделеді:

1. Оқытудың сөйлеуге негізделуі. Сөйлеу әрекеті тек оқыту құралы ғана емес, ол оқыту мақсаты да болып саналады. Бұл жағдай төмендегілерді болжайды:

а) мұғалімнің оқушыларды жалпы әрекетке тарту арқылы оқыту үдерісіне әсер етуі орын алатын тілдік тәртібі;

ә) қарым-қатынас жағдаятын тудыратын жаттығуларды барынша жиі қолдану;

б) оқушылардың назарының сөйлеу мақсаты мен мазмұнына бағытталуы.

2. оқушының тұлғалық аспектісінің жетекші рөлінде оның жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру:

а) тілді меңгеруге қабілеттілік (есте сақтауы, жалпылауға және т.б. қабілеттілік);

ә) қандай да бір әрекетті орындау білігі, яғни оқу білігінің қалыптасуы;

б) оқушылардың қызығушылығы, көзқарастары, ұжымдағы жағдайына байланысты тұлғалық сапалары ;

в) жалпы зияткерлік қабілеттері (туа және жүре пайда болған);

г) ақпарат жинаудағы оның ерекшелігі (көру, есту, моторлы және т.б.);

е) оқу мотивациясын қалыптастыру мен оны сабақ барысында белсендіру құралы.

3. Оқушылардың вербальді және вербальді емес формадағы қарым-қатынас үдерісіне қатысуы ретіндегі сөйлеу-ойлау белсенділігі.

4. Оқу материалын барлық деңгейде: лексикалық, грамматикалық жағдаяттық, тақырыптық деңгейлерде таңдауға функционалдық қатынас.

5.Тілдік стимулдау тәсілі мен сөйлеу білігін қалыптастыру шарты ретінде қарастырылатын оқу үдерісінің жағдаяттылығы.

6. Оқу материалын ұйымдастыру мен ұсыну жолы ретіндегі проблемалылық [4].

Бұл принципке сәйкес оқу материалы оқушылар үшін қызықты болуы, олардың жасына сай болып, мәтін мазмұны мен қарым-қатынас мәселесін талқылауға оқушыларды тарту арқылы сөйлеу-ойлау әрекетінің міндеттерін шешу негізі болатындай таңдалуы тиіс.

*Қарым-қатынастың деңгейлік құрылымы.* Қарым-қатынастың түрлі жақтарының (функцияларының) байланысы, олардың динамикасы Я.Яноушек ұсынған қарым-қатынастың деңгейлік схемасында неғұрлым айқын байқалады. Осы схеманың *бірінші деңгейінде* коммуникация өз тарапынан ақпарат беру мен қабылдауды, байланысқа түскен индивидтердің бастапқы ақпараттылығында болатын айырмашылықтарды түзететін оның кодталуы мен декодталуын білдіреді. Алайда, осы деңгейдің өзінде коммуникация тек ақпарат алу мен беруге ғана теңеспейді, жасырын түрде ол қатысушылардың өзара қатынастарын да қамтиды. Мысалға, сөйлеуші жағынан тыңдаушының (реципиент) беріліп отырған ақпаратты қалай қабылдауының антиципациясы орын алады, өз кезегінде реципиент өзі алған ақпараттың контекстін



қайта құрылымдайды: сөйлеушінің бастапқы ниеті, оның тәжірибесі, білімдері және т.б. осы деңгейде бірлескен іс-әрекетпен тікелей байланыс жоқ.

Коммуникация *екінші деңгейде* нақ өзара сипатқа ие болады, мұнда ол қатысушылардың өзара мағыналарды беруі мен қабылдауын көрсетеді. Осы деңгейде коммуникация олардың ортақ міндеттерді орындаудағы бірлескен іс-әрекеттерімен тікелей байланысты, ол тек қана іс-әрекеттегі емес, сондай-ақ сонымен байланысты коммуникациядағы функциялардың сараланып жіктелінуіне әкеледі. Соңғысы бұл жағдайда ақпараттау, сұрастыру, оқыту, нұсқау беру, бұйыру және т.б. сипатқа ие бола отырып, бірлескен жұмыстың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Берілген коммуникация бағытталған білімдермен, ойлармен, шешімдермен алмасу бұл жерде міндетті бірлесе орындауға бағынған – қажет мәліметтерді алуға, оқу материалын меңгеруге, жаңа білімдерді ашуға, бұйрық беруге және т.б.

*Үшінші деңгейде* алдыңғы қатарға коммуникация үшін неғұрлым мәнділері: бір-бірінің ұстанымдары мен көзқарастарын түсінуге ұмтылу, басқалардың пікіріне құлақ асу, тіпті олармен келіспесе де және т.б. шығады, осы жағдайда коммуникация жекеленген қатысушылардың қосқан үлестерін, жеткен табыстарын жалпы бағалаудың қалыптасуына бағытталады. Жалпы бағалауға ұмтылу кедергілерге тап болуы мүмкін, бұл кедергілер коммуникацияға түсуші жекеленген қатысушылардың негізгі мақсаттарының әртүрлілігінде болады. Коммуникацияның осы үшінші деңгейі өзара қатынастардың ұжымдық сипатымен байланысты [5,169-170 б.].

*Тілдік дағды* – оқушылардың саналы түрде тілдік әрекетке қатысуы, өз мінез-құлқын дұрыс құру, қарым-қатынасты міндеттеріне сай басқару қабілеттілігі.

*Тілдік дағдылар* – өзге адамдармен ұзақ уақыттық және тиімді өзара әрекет ұйымдастыру біліктілігі.

Тілдік дағдыны қалыптастырудың бірден-бір жолы - *аудиовизуалды оқыту құралдары* екенін атап өттік. Аталған техникалық құралдарды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану оқыту принциптеріне сүйенеді.

*Оқыту принциптері* – оқыту үдерісінің объективті заңдары мен заңдылықтарының жүруін көрсететін және оның тұлғаны дамытуға бағытталғандығын анықтайтын дидактикалық ережелер. Оқыту принциптерінде оқыту үдерісін құру мен оны басқаруға деген теориялық тәсілдемелер ашылады. Олар мұғалімнің оқыту үдерісін құру мен оны тиімді ету жолдарын іздеудегі ұстанымдарын анықтайды.

Сабақта аудиовизуалды оқыту құралдарын қолданудағы негізгі принциптерді қарастырайық.

Бүгінгі күні *көрнекілік принципі* негізінде адамның қоршаған ортаны тануы төмендегіше жүреді:

- тікелей-сезімдік (“дидактиканың алтын ережесі”, объект сезім мүшелері арқылы танылады);
- жанама, объектілер мен құбылыстар сезім мүшелерімен қабылданбайтын кезде.

Жанама таным:

- а) кеңейтетін түрлі құралдардың көмегімен объектіні сезімдік тану;
- б) фотосурет, кино, дыбысжазбасы көмегімен бұрын болған не қашықтықта орын алған оқиғаларды қабылдау;
- в) объектіге басқа объект арқылы өзара әрекет ету;
- г) модельдеу арқылы жүзеге асады.

Я.А.Коменский ұсынған көрнекілік принципін жүзеге асырып, оқушылардың білім көлемін тереңдету, қызығушылығын арттырып және есте сақтау қабілетін шындау үшін мұғалім өз ойын оқушыларға нақтылы жеткізу үшін қолданылатын ережелерді атап өтейік:

- «Алтын ереже»: көруге болатынды - көрсету, есте алатынды - естірту, сезіне алатынды - оқушылардың сезім мүшелеріне сездіру, түйсік туғызу.

- оқушылар заттың немесе құбылыстар мен оқиғалардың бейнелерін, көлемін, түр-түстерін сөзбен емес көру арқылы әрі тез есте сақтайтынын қамтамасыз ету;

- қолданылатын көрнекі құралдардың өмірмен байланысын қамтамасыз ету;

- көрнекілік көрсету мақсатында емес, логикалық ойлауды дамыту құралы ретінде пайдаланылады;

- оқушылар заттарды қолмен ұстап, көлемін түр-түсін байқап, көзімен көруге және әртүрлі дыбысын естуге жағдай жасау;

- көрнекіліктер оқушының құбылыстарды байқауға, қабылдауға деген ынтасын оятып, ізденіс дағдыларын қалыптастырады;

- көрнекілік бақылай білуге, салыстыру, қатар қоя білуге, абстракты ұғымдарды дамытып, жетілдіруге жол ашады;

- көрнекі құралдарын оқу пәндерінде нақтылы өз орнында оқушылардың жас, таным ерекшеліктерін ескере отыра пайдалану [6].

Арнайы аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдануға қатысты *шамаға лайықтылық принципі мен кешенді сипатта қолдану принципін* де атап өткен жөн. Кез келген аудиовизуалды оқыту құралы оқушыға ұсынылмас бұрын жан-жақты тексерілген, кемшіліксіз, оқушының қабылдауына, жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сәйкес болуы және кешенді қолданған жағдайда үйлесімділікпен таңдалуы тиіс.

Оқу материалын меңгерудің ең жоғары сапасына мұғалімнің сөзі мен оқу үдерісіндегі ұсынымдар бейнелердің үйлесімділігі, сәйкестігі нәтижесінде ғана қол жеткізіледі. Аудиовизуалды оқыту құралдары көру және есту мүшелерінің барлық мүмкіндіктерін толықтай қолдану мүмкіндігін туғызады. Бұл, әсіресе, білімді меңгерудің алғашқы кезеңінде - қабылдау мен түсінуде үлкен әсер етеді.

Аудиовизуалды оқыту құралдарын жіктей келе, оның қызметтерін тізіп, тиімділігін талдай келе жаңа техниканың мол мүмкіндігі жағдайында да ең бірінші кезекте мұғалім төмендегі қарапайым, бірақ аса маңызды *ережелерді ұстануы* қажеттігін айтады:

Аудиовизуалды оқыту құралдары оқушыларды тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілеріне бағдарлауда, мағыналық тірек құруына, айтылымға стимул болуда үлкен маңызға ие [7, 116].

Сабақта бір ғана тілдік дағды қалыптастыру практикалық түрде мүмкін емес. Мысалы, аудиомәтінмен жұмыс жасай отырып, біз лексикалық та, грамматикалық та, фонетикалық дағдыларды дамытамыз. Аудиомәтіндер талқылау үшін ақпарат береді, сол арқылы тыңдалым дағдысын дамыта түседі. Бұл жағдайда тыңдалым ОҚ болып табылады. Ол тілдің басқа аспектілерімен тығыз байланысты. Ал ауызша сөйлеуде тыңдалым мен айтылым бір мезгілде жүреді. Ауызша – тілдік қарым-қатынас формасы болып табылатын диалог жақсы қалыптасқан тыңдалым мен айтылымсыз мүмкін емес [7, 125]. Тілдік көрсеткіштерді тұрақты сақтауды қамтамыз ету тікелей қарым-

қатынассыз мүмкін емес. Мұндай жағдайда мұғалімге дыбыс жазбасы мен дыбысты ойнату құралдары қажет болады.

Сабақ барысында төмендегідей оқу мақсаттарына қол жеткізіледі: айту және интонациялық дағдыны дамыту, фонематикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастыру, лексикалық және грамматикалық минимумды игеру, ауызша диалогтық сөйлеудің көзделген деңгіне жету, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру [7, 36].

Тыңдалым жүзеге асатын сабақтарда дыбыс жазбалары төмендегідей тілдік білікті қалыптастыруда сәтті қолданылады: тыңдалған ақпаратты есте сақтау, дұрыс мағыналық болжам жасау, тыңдалған ақпараттың маңызды тұсын ажырата алу [7, 119].

Осы уақытқа дейін жинақталған біздің тақырыбымыздағы еңбектерге талдау жасасак, бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытудың критерийлерінің нақты анықталмағанын көреміз.

Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларының дамуының критерийлері мен көрсеткіштері анықталды.

Кесте - *Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларының дамуының критерийлері*

	Критерийлер	Сипаттамасы
1	Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы қарым-қатынас жасау ережелері мен оны жүзеге асыру жолдарымен танысу	аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы қарым-қатынас жасау ережелері жайлы, өзге адамдармен араласу кезінде аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдану ережелерін жайлы, қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарын дұрыс түсіну
2	Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы қарым-қатынас ережелерін қабылдау	аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдану принциптеріне құндылықтық қатынас, өзара түсіністік негізінде өзге адамдармен диалогтық өзара әрекетке бағдарлану
3	Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы қарым-қатынас ережелерін сақтау	аудиовизуалды оқыту құралдарын қолдану принциптерін тұлғааралық өзара әрекетте сақтау, өзге адамдармен құрастырылмалы тілдік байланыс орнату

Анықталған критерийлер мен көрсеткіштер бастауыш сынып оқушыларының аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы тілдік дағдыларының дамуының 3 деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді.

Кесте - *Аудиовизуалды оқыту құралдары арқылы тілдік дағдыларының даму деңгейлері*

	Деңгейлер	Сипаттамасы
1	Төменгі деңгей	Тіл жүйесін практикалық қолдануға қабілетінің төмендігі, тілдік әрекетті нашар игеру, тілді игеруге қарапайым теориялық даярлығының болуы, тілдік жағдаяттарда әлеуметтік-мәдени, диалектикалық ақпаратты қолдануға қабілетінің болмауы, аудиовизуалды оқыту құралдарының маңызын, қолдану жолын білмеуі

2	Орташа деңгей	Тіл жүйесін практикалық қолдануға қабілетінің жеткілікті болуы, тілдік әрекетті орташа меңгеруі, тілді игеруге теориялық даярлығының жеткілікті болуы, тілдік жағдаяттарда әлеуметтік-мәдени, диалектикалық ақпаратты қолдануға қабілеттілігі, аудиовизуалды оқыту құралдарының маңызын түсінуі, қолдану жолын жете білмеуі.
3	Жоғары деңгей	Тіл жүйесін практикалық қолдануға қабілетінің өте жоғары деңгейде болуы, тілдік әрекетті толықтай меңгеру, тілдік жағдаяттарда әлеуметтік-мәдени, диалектикалық ақпаратты шығармашылықпен қолдануға қабілеттілігі, аудиовизуалды оқыту құралдарының маңызын ұғынып, қолдану жолын толық білуі.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер саны арта бермекші.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активность. М., 1990. С. 463 – 479.
2. Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. - Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2014.- 138 б.
3. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. М., 1987
4. Добрович А.Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения. М., 1987
5. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1996
6. Әдіскер анықтамалығы / Құрастырған: Б.Қапалбек А.Кеңесова, А.Жұмағұлова. - Астана, 2016. – 195 б., 14бет
7. Щукин А.Н. Методика использования аудиовизуальных средств. – Москва: Русский язык, 1981

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ АУДАНДАСТЫРУ

*ж.ғ.м., аға оқытушы Садыкова Дамежан Адилхановна\**  
ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы

**Түйіндеме:** Туризм әлемдік экономиканың жедел қарқынмен дамып келе жатқан салаларының бірі. Сондықтан туризмді жаңа ғасырдың экономикалық феномені, болашағы жарқын бизнесі деп болжалуда. Мақалада көрікті табиғат ландшафттарымен әлемге әйгілі Қазақстандағы туризмді дамыту бағыттары мен салалары, табиғаттың ерекшеліктерін анықтауда рекреациялық өлшемдерді пайдалану, рекреациялық деңгейлері мен эстетикалық тартымдылығын анықтау арқылы көрікті аймақтарды аудандастыру мәселелері қарастырылған. Бағалаудың медико - биологиялық түрінде табиғи аймақтың адам ағзасына әсер ету қолайлылығы, психолого - эстетикалық бағалауда – табиғат кешені, табиғат компоненттерінің адам ағзасына, көңіл-күйіне тигізетін әсері, эстетикалық бағалауда морфологиялық құрылымы, жер бедерінің ерекшеліктері, экзотикалық көріктілігі элементтеріне байланысты ерекшеліктерін анықтау, технологиялық бағалауда рекреациялық қызмет мақсатында табиғи және табиғат ресурстарының техника және технологиялық тұрғыдан қолайлылығы ерекшеліктері айқындалады.

### DISTRIBUTION OF RECREATIONAL AREAS IN KAZAKHSTAN

*Master of Natural Sciences, senior lecturer Sadykova Damezhan Adilkhanovna\**  
Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty

**Abstract:** Tourism is one of the rapidly growing sectors of the world economy. Therefore, the tourism economic phenomenon of the new century, a bright future is predicted for this business. In the article considered world-famous areas and industries of beautiful natural landscapes of the Kazakhstan in tourism development, recreational useful criteria in determining the characteristics of nature, determining the levels of recreational and aesthetic appeal of the beautiful areas and zoning issues. In the form of medical and biological evaluation finds out a favorable impact of the nature on the human body, psychological and aesthetic evaluation defines the complex nature of the components of the human body, assessing the impact on the mood of aesthetic morphological structure, terrain features, technology assessment to identify features associated with the exotic elements of attractiveness recreational activities for the purposes of natural and environmental resources is determined by the ease of engineering and technological features.

### КІРІСПЕ

Туризм әлемдік экономикада маңызды орын атқарады. Дүниежүзілік туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11% пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

---

*Master of Natural Sciences, senior lecturer Sadykova Damezhan Adilkhanovna\**  
Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University, Faculty of Natural Sciences

Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша XXI ғасырда туристік индустрияның өсуі артады және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттардың саны бірнеше есе артады.

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. 1999 жылы халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүниежүзілік табыстың 8% пайызын, қызмет көрсету секторы экспортының 37% пайызын құрады. Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейін тұрақты үшінші орында келеді.

Туризм мемлекеттің экономикалық аудандарына белсенді әсер етеді. Туризм саласы қызмет көрсет, жол көлігі, сауда, коммуналдық – тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуді дамытумен және әлеуметтік жағдайларды дамытумен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда туризм әлемдік экономикада басты орында және әлемдегі ең пайда көп түсіретін бизнес түріне жатады. Сондықтан да әлемдік шаруашылықтың бұл саласының болашағы жайлы сұрақ ең маңызды болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан құрғақ климаттық белдеуде орналасқан континенттік мемлекет болғанымен табиғат ресурстары мен пайдалы қазбаларға, көрікті аймақтарға бай мемлекет. Сондықтан елімізде туризмді дамытуда көрікті аймақтарды аудандастыру, рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану өзекті мәселе.

Көрікті аймақтарды аудандастыруда рекреациялық ресурсы бар аймақтар ретінде рекреациялық аудандарды айқындаймыз. Олар антропогендік сипаттағы рекреациялық ресурстары бар туризм мен демалысты ұйымдастыруға жарамды жерлер.

Көрікті аймақтарды аудандастыруда қажетті өлшемдерді пайдалану арқылы рекреациялық деңгейлері мен эстетикалық тартымдылығы анықталады.

Көптеген авторлар рекреациялық мақсат үшін аудандастырудың әдістемесі мен ережелерін еліміздің көлемінде, сондай-ақ жеке аймақтарда да жасау үшін айқындауда.

КСРО-да ең алғаш рекреациялық аудандастыру жөнінде ұсыныс жасағандар Б.Н.Лиханов пен В.С.Преображенский болды.

Авторлар елді төрт рекреациялық зонаға, ал зонадарды тағы да шағын рекреациялық аудандарға бөлді

*«Туристік аудан дегеніміз белгілі бір аймақтарда жұмыс істеп тұрған бір туристік нысан, ал туризм ауданы — туризмнің жайылу шеңберін көрсетеді».*

Туристік аудан экономикалық – географтардың зерттеу нысанына жатады. Туризм ауданы - сәулеткерлер мен жоспарлаушылардың зерттеу нысанына кіреді.

*«Туристік аудан – туризмнің дамуына арналған бірнеше табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бар экономикалық салалы аудан»<sup>1</sup>.*

Осыларға байланысты ауданда туристік іс-әрекеттер басымды болып келеді. Сонымен, туристік аудан - бұл әлеуметтік-экономикалық аймақ.

Туристік аудандардың бірқатар ерекшеліктері болады.

*1. Туристік аудан - сипаты бойынша әлеуметтік болса, соңғы шектелу өнімі оқу ағарту. Оның өнімдері - халықтың*

---

<sup>1</sup> Гуляев В.Г. Организация туристской деятельности. — Москва., 1996

физикалық және рухани күшін кең түрде қайта толықтыратын туристік қызметтер.

2. Туристік аудандардың басқа салалық аудандардан айырмашылығы - онда төрт түрлі қоғамдық қайта өндіріс қатар жүреді: өндіріс, айырбас, тарату және тұтыну. Туристік аудандарда екі шеткі фазалар - өндіріс пен тұтыну арасында уақыттық үзіліс жоқ. Бұл- басты өнім, яғни алдын ала жинақталмайтын туристік қызметтерге жататын өнім.

3. Тау-кен, балық, орман өндірістік салалармен және ауылиаруашылық аудандармен туристік аудандардың ұқсастығы - ұзақ (жыл бойы) демалыс функциясын атқаратын туристік аудандарды орналастыру үшін жеткілікті түрде ресурстардың болуы керек.

4. Көптеген туристік аудандарға тән қасиет табиғатқа сәйкес мезгілдік жұмыс істеу<sup>2</sup>.

Рекреациялық мақсатпен аймақты аудандастыру және оған баға беру үшін көптеген факторлар есепке алынады: табиғи, экономикалық, әлеуметтік, физиологиялық - экологиялық, сәулетті-көркемдік және тағы басқалар. Өте дұрыс қорытынды алу үшін зерттеудің негізгі нысаны табиғи аймақтық кешен болуы керек. Туризм үшін бағалысы — жер бедері, сулар, өсімдіктер, климат, табиғат пен мәдениеттің көрнекті нысандары.

Н.С. Мироненко және И.Т. Твердохлебов (1981) бұл жүйені беске бөледі: «рекреациялық зона (аймақ), рекреациялық макроаудан, рекреациялық мезоаудан, рекреациялық микроаудан, рекреациялық пункт».

Демалыс пен туризмнің дамуының басты шарты — «рекреациялық потенциалдың» болуы. Рекреациялық потенциал дегеніміз бір белгіленген аймақтарда рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға және дамытуға арналған табиғи, тарихи-мәдени, әлеуметтік – экономикалық және басқа да жағдайлардың барлығының жиынтығы. Халықтың рекреациялық қозғалысының қалыптасуы аймақтың туристік құндылығына байланысты.

Туристік құндылықты мынадай түрлерге бөлуге болады:

1. Табиғи ортаның жағдайына тікелей байланысты демалуға арналған түрлері.

2. Табиғи ортаның ерекшеліктеріне байланысты арнайы түрлері. Олар туризмнің әр түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, минералды су мен климат жағдайы жайлы болғанда туризмнің емдік және сауықтыру түрлерін дамытуға болады.

3. Табиғаттың ерекшеліктерімен бірге (қорық, табиғаттың ескерткіштері), материалдық және рухани мәдениет элементтері (ескерткіштер, фольклор, мәдениет нысандары), сонымен қатар қоғамның қазіргі жетістіктерін қамтитын туристік құндылықтың танымдық түрлері.

"Туристік жер" — бұл тұрғын жер (қала, ауыл), оның құндылық жағын, туристік инфрақұрылым мен көлік жағынан ыңғайлылығын ескере отырып, белгілі бір мекенді құрайды.

Бірнеше туристік жерлерді бөледі:

а) демалуға арналған орындар; б) демалыс үйлері; в) танымдық туризм үшін жерлер.

---

<sup>2</sup> С.Р.Ердаулетов. История туризма, развитие и научное изучение. Алматы. 2003г.

Әрбір елдің тәжірибесін пайдалану арқылы біз туристік қызмет көрсету нысандарымен жабдықталу және рекреациялық ресурстармен қамтылуына байланысты еліміздегі туризмді дамыту бағытындағы аймақтарды аудандастыру арқылы айқындаймыз.

Туристік көрікті аймақтарды аудандастырғанда климаттық және гидрологиялық, геоморфологиялық ерекшеліктері айқындалады. Рекреациялық аймақты аудандастырғанда адам демалысы үшін климаттың қолайлылығы маңызды роль атырады.

Рекреациялық ресурстарды талдауға негізделген аудандастыру тек игерілген емес, сонымен бірге туризмнің даму жоспарларындағы даму болашағы бар аймақтарды да қамтиды.

Табиғи жағдайлар мен ресурстарды пайдалануда оның рекреациялық тиімділігін бағалау өте маңызды. Рекреациялық ресурстарды бағалау төмендегі кезеңдерден тұрады: 1. *Табиғат кешенін, компоненттерін бағалауға бөлу нысандары;*

2. *Зерттеу мақсатында анықтау масштабы ретінде бағалау өлшемдерін қалыптастыру;*

3. *Көріктілік параметрін бағалау шкаласы:*

Табиғат ресурстарын бағалауда негізгі үш түрі қалыптасқан; медико-биологиялық, психолого-эстетикалық, технологиялық<sup>3</sup>.

Медико-биологиялық бағалауда табиғи аймақтың адам ағзасына әсер ету қолайлылығы, климаттық ресурстар маңызды роль атырады. Климаттық ресурстар ауа-райы, метеорологиялық құбылыстар т.б.

Табиғи аймақ көріктілігін бағалауда климаттық ресурстардың қолайлылығы, бірқалыпты температура, ауа амплитудасының аз мөлшері, ауа-райын жіктеу арқылы «қолайлы», «өте қолайлы», «тұрақты», «құбылмалы», «өте құбылмалы» бойынша анықтау арқылы айқындалады. Қолайлы ауа-райы адам ағзасының жылу сүйгіштігімен анықталады.

Психолого - эстетикалық бағалауда – табиғат кешені, табиғат компоненттерінің адам ағзасына, көңіл-күйіне тигізетін әсерімен айқындалады. Сондықтан эстетикалық тұрғыдан жоғары бағаланатын аймақтар тиімді сұранысқа ие болады.

Аймақтардың эстетикалық бағалылығы *морфологиялық құрылымы, жер бедерінің ерекшеліктері, экзотикалық көріктілігі элементтеріне* байланысты.

**Ішкі эстетикалық ерекшелігі** табиғат кешенінің тиімділігімен сипатталады, мысалы орман аумағы, ағаштармен қамтылуы, жер бедері мен өсімдіктердің бір-бірімен байланыстылығы. **Сыртқы эстетикалық ерекшелігі** - әртүрлі табиғат кешендерінің бір-бірімен тығыз байланыста орналасуы. Кейбір әдістерде экзотикалық жағдайына байланысты анықталады, мысалы, демалыс орны, жергілікті жерге қатынасы деңгейімен айқындалады.

**Технологиялық бағалау** - рекреациялық қызмет мақсатында табиғи және табиғат ресурстарының техника және технологиялық тұрғыдан қолайлылығы. Рекреациялық аймақтарда мекемелерді орналастыру, инженерлік құрылыс ерекшеліктерін бағалау. В.И.Преловск тәжірибесі бойынша табиғат ресурстарының рекреациялық жағдайын бағалауда аймақтың тартымдылық сапасымен анықталады және көрікті аймақтардың экономикалық есебі шығарылады.

S- аумағы, N-адам саны, T- күн ұзақтығы.

$$R=S*N*T$$

R= 3,75 га \*110\*200 адам= 82 500 адам бір күнде пайдаланады. Бір күндік ақшасы төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Ә}=\text{S}*\text{C}=100000*10000=1000000 \text{тг}^4$$

---

<sup>3</sup> С.Путрик. *Туризм глазами географа. Алматы. 2001г.*



Қазақстан аумағын көрікті аймақтарға аудандастыруда «Қазақстанның ландшафттары», «Қазақстанның рекреациялық ресурстары» мен «Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары» карталарын және «Туризм индустриясын дамыту» бағдарламасын пайдаланып «Аймақтарды табиғи рекреациялық ресурстармен қамтылу деңгейі бойынша бағалау» гистограммасы мен картасы жасалды.

Әртүрлі елдердің тәжірибесі көрсеткендей, туризм индустриясы кез-келген экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

Өзіне тән ерекшеліктерге байланысты Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті туризм индустриясын құру үшін үлкен потенциалды мүмкіндіктерге ие. Себебі:

- Еліміздің тиімді геосаяси жағдайы халықаралық туристік және коммерциялық ағындардың өтуіне қолайлы;

- туризмді ұйымдастыру үшін фаунаның, флораның, табиғи ландшафттардың алуан түрлілігі;

- еркін еңбек ресурстарының болуы;

- туризмнің нысаны болып табылатын табиғи, мәдени-тарихи рекреациялық ресурстардың әртүрлілігі;

- саяси тұрақтылық, экономикалық реформалар жүргізу;

Елімізде «Туризм индустриясын дамыту» бағдарламасын сәйкес туристік нысандардың негізі орналасқан аудандарын жоспарлап, оңтүстік аймақтарды 12 көрікті ауданға бөлген болатын, ал бағалау өлшемдері бойынша еліміздің барлық аймақтарын анықтап 20 көрікті, туризм нысандары мен қызмет көрсету салалары дамыған аймақтары анықталды. Олар:

1. Іле Алатауы (Алматы қаласы, Түрген ауылы, Есік, Талғар, Қарасай қалалары, Ұзынағаш ауылы, Қапшағай қаласы)

2. Солтүстік Тянь-Шань (Кеген, Нарынқол, Жалаңаш, Шонжы).

3. Жаркент-Талдықорған ( Жаркент қаласы, Көктал, Талдықорған қаласы, Текелі, Жаркент-Арасан емдеу-сауықтыру орны)

4. Солтүстік Жоңғар (Дружба, Лепсі ауылдары, Көктума ауылдары, Сарқанд қаласы, Қапал-Арасан демалыс орны).

5. Түркістан (Түркістан қаласы, Тұрбат, Отырар, Шәуілдір, Баба-ата ауылдары, Кентау қаласы, Шаян ауылы)

6. Сайран-Шымкент (Шымкент қаласы, Сайрам ауылы, Арыс қаласы, Шардара, Сарыағаш, Ленгер қалалары, Ванновка ауылы).

7. Жоғарғы-Бұқтырма ( Қатон-Қарағай ауылы, Берель ауылы, Рахманов шоқысы демалыс орны)

8. « Баянауыл » Мемлекеттік Ұлттық табиғат паркі (Баянауыл ауылы).

9. « Қарқаралы » МТҰП (Қарқаралы қаласы)

10. «Бурабай» МТҰП (Щучинск, Көкшетау қалалары, Зеренді, Имантау, Володарск ауылдары)

11. Қорғалжын қорығы (Қорғалжын ауылы)

12. Маңғыстау (Ақтау, Ералиев, Фетисова ауылдары, Үстірт қорығы)

13. Астана (Астана қаласы)

14. Батыс Қазақстан (Жайық өзені, Каспий теңізі, Атырау, Орал қалалары)

15. Торғай-Мұғалжар (Ақтөбе қаласы, Мұғалжар тауы, Қостанай қаласы, Наурызым қорығы)

---

<sup>4</sup> Карпова Г.А. Экономика современного туризма. - СПб., 2001.

16. Сырдария (Қызылорда қаласы, Арал теңізі, Сырдария өзені, Жаңақорған емдеу-сауықтыру орталығы)

17. Ертіс-Қарағанды (Қарағанды қаласы, Орталық Қазақстан аймағы, Алакөл, Зайсан көлі)

18. Солтүстік Қазақстан (Петропавл қаласы, Павлодар қаласы, Қарағайлы ормандар зонасы)

19. Балқаш көлі (Балқаш көлі, Іле өзені, Алтынемел ұлттық саябағы)

20. Тараз (Тараз қаласы, Меркі демалыс орны, Манкент, Ақсу-Жабағалы қорығы).

Рекреациялық ресурстарды талдауға негізделген аудандастыру тек игерілген емес, сонымен бірге туризмнің даму жоспарындағы даму болашағы бар аймақтарды да қамтиды.

Әрбір ауданның деңгейі төмендегі бағыттар бойынша айқындалады.

- табиғи рекреациялық ресурстар;
- антропогендік рекреациялық ресурстар;
- туристік қызмет көрсету салаларының қамтылуы бойынша.

Аймақтарды деңгейлері бойынша айқындау арқылы еліміздің экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен потенциалға ие екендігін айтуға болады. Болашақта көрікті аймақтарды игеру арқылы шет ел тәжірибелерінен пайдаланып жоғарғы деңгейде туризмді дамыту қажет.

**Іле Алатауы көрікті ауданы**- Іле Алатауының ең көрікті аймағында орналасқан. Онда ең көрікті Үлкен Алматы көлі, Іле Алатауы тау жотлары, қарлы шыңдар, тау жоталарынан 300 шақырымға созылған, ені 30-40 шақырым.

Таудан бастау алатын Жіңішке, Түрген өзендері, батысында Қырғыз Алатауы, шығысында Торайғыр тау жоталарымен шектеседі. Төменгі бөлігінде Оңтүстік Қазақстан астаналық деңгейдегі Алматы қаласы орналасқан. Кіші Алматы маңында көптеген шатқал, тоғай, жартастар бар. Оның ішінде ең ірілері Ремезовка, Камен үстірті, Тарельник, Қотырбұлақ, Шымбұлақ, Мыңжылқы, Шығысында Тау бақшасы, Кіші Алматы шатқалы бар.

Алматы оңтүстік аймақтағы көрікті табиғаты бар қала. Онда Көктөбе, ең ірі жол тораптары Абай, Достық даңғылы, « Қазақстан » қонақ үйі, Республика сарайы, Көктөбе тау жолдары, Абай Құнанбаев атамиздың ескерткіші,

« Алатау » қонақ үйі, демалыс зоналары, кафе, мейрамхана, емдік-сауықтыру орындары, Медеу шатқалы, т.б. көрікті жерлері туристердің қызығушылық-тарын арттыратын демалыс орындары. *Есік шатқалы*-Есік өзенінің жағалауында орналасқан. Есік өзені 1000-1250 метр теңіз деңгейінен биіктегі таудан бастау ағып өтеді. Есік қаласы көп қабатты үйлері бар, бау-бақшалы өлке. *Іле Алатауы ауданындағы көрікті аймақ Түрген ауылы*-Алматы-Талғар- Есік маршруты жолының бойында орналасқан ауыл Түрген шатқалына жақын орналасқан. Шатқалдан жоғары субальпілік және альпілік өсімдіктерге бай ірі Ассын жайлауы бар. Түрген ауылы теңіз деңгейінен 900-1000м биікте орналасқан. Ауыл жеміс ағаштарға, бау-бақшаға өте бай аймақ. Түрген шатқалында «Тау Түрген» емдеу-сауықтыру орны бар. Емдеу орны жер астынан шыққан радон минералды суларының емдік қасиетін пайдаланады. Жыл сайын 150 адам емдеу орнына келіп өздерінің денсаулығын нығайтып кетеді.<sup>5</sup>

*Іле өзенінің аңғарында Қапишағай су қоймасына жақын бірнеше табиғат ескерткіштері бар. Олар «Әнші бархан», «Тамғалытас», «Аққұм Қалқан».*

---

<sup>5</sup> Ю.С.Путрик. Туризм глазами географа. Алматы. 2001г.

С.Р.Ердаулетов. География туризма Казахстана. Алматы. Ғылым. 1992г.

«Әнші бархан» биіктігі 30м, ұзындығы 3000м жота. Желдің бағытымен өзінен дыбыс шығарады. Осы қасиеті туристерді қызықтырып оның маңына жақын аймаққа туристік кешен дамыту мүмкіншілігін айқындайды.

1957ж Қазақстан Ғылым Академиясы жанынан құрылған ғалым А.Максимов басшылығымен Тамғалытас кешенін зерттеп көптеген ғылыми еңбектер жазды. Ежелгі тарихи таңбалар еліміздің өткен ғасырдағы ғажайып тарихи сырлары туралы сыр шертеді.Тасқа салынған әртүрлі суреттер әлем, кеңістік, космос туралы мәліметтің ертеден белгілі болғандығын аңғартады. Ғалымда кейбір тастардың суреттері бірнеше тастардың басын біріктірген де ғана айқындалатынын білген.

*Көрікті туристік нысандардың бірі Қапшағай су қоймасы.* Антропогендік іс-әрекеттің нәтижесінде қалыптасқан жасанды су қоймасы жазғы маусымда еліміздің халықтары аз күндік мерзімге барып демалатын туристік демалыс орны. Бұл жерге көп келетін халық Алматы қаласы және Алматы облысы халықтары. Оңтүстік Қазақстанның астанасы тұрғындары жазда су жағасына, қыста тауға, тау шаңғысы, демалыс ұйымдастыру үшін барады.Таудағы жазғы демалысты ұйымдастыратын туристік кешен Қаскелең қаласының жоғарғы бөлігіндегі орналасқан Қаскелең шатқалы. Қаскелең шатқалындағы орманда орман сүюшілер мен таза ауада демалатын адамдар жазда демалыс туризмін ұйымдастырады.*Шу-Іле тауы* Іле Алатауының солтүстік-батысындағы жалғасы. Абсолюттік биіктігі 1800 м келетін, экзогендік процестердің әсер етуінен мүжілген ескі тау шөгінді және магмалық тау жыныстарынан құрылған.

Қаратау жотасы-түгелдей Қазақстан жерінде экзогендік процестердің әсерінен күшті бұзылған жота. Абсолюттік биіктігі 2170 м. Солтүстік-батыс бағытқа қарай 420 шақырым созылып жатыр. Протерозойдың тақтатаасы мен вулкандық тау жыныстарынан түзілген. Қойнауы пайдалы қазбалардан полиметалл (Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай) және фосфорит (Ақсай, Жаңатас, Шолақтау кендері) рудаларына бай. Тау асулары, шатқал, табиғи көрікті жерлер, қорықтар өзіне тән көрктілігімен туристерді өзіне тартады және тау туризмін дамытуда ең маңызды аймақ деп саналады. Сондықтан Тянь-Шань таулы өлкесі альпинизм және спорт шараларын ұйымдастыратын көрікті нысан ретінде Орта Азия және ТМД, Шетелдік Еуропа мемлекеттерінің арасындағы ең беделді туристік орын саналады.

**Жаркент – Талдықорған көрікті ауданы.** Жаркент-Талдықорған ауданы Жоңғар Алатауының тау жоталары мен Қаратал өзенінің бойында орналасқан. Жаркент-Талдықорған ауданының өзендері Қаратал, Лепсі, Ақсу, Балқаш көліне келіп құяды. Бұл аймақта Балқаш көліне жеті өзен келіп құятындықтан «Жетісу өлкесі» деп аталады. Көлдері Балқаш, Сасықкөл. Тауда минералды су көздерін пайдаланатын емдік-сауықтыру орны Қапал-Арасан орналасқан. Бұл ауданда 1200 м биікте ағашты орман, 1700м биікте аралас орман және 6 заказник орналасқан. Алакөл көліне қарай Тентек, Жаманты,Ырғайты, Биен, Шілікті өзендері ағып өтеді. Өсімдіктердің алуан түрі кездеседі. Ауданның құмды шөлді аймақтарында сексеуіл, тораңғыл, тоғай ормандары өседі. Таудың 600-700м биігінде шөл зонасы, шөлейт зонасына ауысады.1250-1300м биікте аршалы орман, альпі шалғындықтары кездеседі. *Жоңғар Алатауы* - солтүстік-батыс бөлігі Қазақстан жеріне тарамдалып еніп жатыр. Жоңғар Алатауы солтүстігінде Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстігінде Іле өзені аңғары аралығында батыстан - шығысқа қарай созыла орналасқан. Қытайдағы Ебінұр көлінің ойысы мен Қазақстандағы Алакөлдің қазаншұңқырын қосып жатқан тау аралық аралық өткелді Жоңғар қақпасы дейді. Жоңғар қақпасы арқылы Қазақстанды Батыс Қытаймен жалғастыратын «Достық » темір жолы салынған. Жоңғар Алатауының минералды радон суларын пайдалану үшін Жаркент-Арасан, Қапал-Арасан емдеу-сауықтыру орындары ашылған. Тау өзендері Лепсі, Тентек өзендері Алакөл көлінің суын қоректендіреді және су жорықтарын жасау, байдарка мен жүзу, спорттық туризм үшін іс-шаралар жасауға қолайлы болып саналады. Солтүстік

Жоңғар Алатауындағы туристік нысан Талдықорған қаласынан басталады. Талдықорған-Қызылағаш маршрутымен көлік арқылы Биен, Ақсу, Сарқанд өзендері арқылы жаяу 30-50км, батыста Текелі қаласы, оңтүстігінде Жаркент қаласы Көктал, Көксеу өзендерінің бойында орналасқан. Солтүстік Жоңғар ауданы базасында Қапал-Арасан емдік-сауықтыру туристік кешені құрылған.

**Көрікті аудан Түркістан-** Қазақстанның оңтүстігінде орта ғасырда қалыптасқан Тараз, Сауран, Түркістан, Фараб қалалары еліміздің мәдени-тарихи, экономикалық тұрғыдан ерте дамығандығы айқындайды. Түркістан ауданы тарихи ескерткіштерге бай көрікті аудан. Туристік саясат жасағанда еліміздің табиғи көріктілігі мен тарихи мәдениетін, сәулет өнерін көруге болады. Аудандағы алғашқы туристік нысан-Тараз қаласы. Тараз-Талас аңғарындағы тарихи қала. Тараз қаласының жол бойында орналасуы, Ұлы Жібек жолының өтуі Тараз қаласы халқының сауда мәдениеті, білім, ғылым тарапынан жоғары болғандығын көрсетеді. X-XI ғасырда Орта Азияны Қарахан ханы билеген уақытта Тараз мәдениеттің ең басты орталығы болған. Осы уақытта Тараз қаласына көптеген кесенелер салынған. Айша-биді (XI-XII ғ.) және Бабаджа-Қатун (X ғ) кесенелері. Тарихи архитектуралық ескерткіштері мен мұражайға бай өлке Тараз қаласы, туристерді қызықтыратын негізгі нысан болып саналады. 1989 жылы Қазақстан Министрлер Кеңесі қаулысымен Түркістан қаласында «Әзірет сұлтан» мемлекеттік тарихи мұражай ұйымдастыру қолға алынды. Оның құрамына Күлтөбе, орталығы суфе, жер асты мешіті Хильвет, ритуальдық канал, шілдехана, Ахмет Яссауи, Домалақ ана, Арыстан Баб және т.б. кесенелер енгізілді. Түркістаннан Отырарға дейін тарихи мұражай орталығы, қонақ үй, т.б. туристерге қажетті қызмет көрсету кешендері қамтылған. Аудандағы тарихи орын-*Баба-Ата қалашығы*. Баба-Ата қалашығы Баба-Ата өзені бойында орналасқан. Осындай ерекше тарихи орындарды көру үшін туризмнің танымдық бағытта дамуы қажет екендігі айқын. Түркістан ауданы тарихи ескерткіштерімен әйгілі, онда тарихи кесенелер, мұражайлар көп. Оның өзі Қазақстандағы ең бай, бағалы тарихи ескерткіштердің Түркістан қаласында болғанын аңғартады және танымдық, діни-қажылық мақсатта туризмді дамытуымыз мүмкін екендігін аңғартады. *Сайрам-Шымкент көрікті ауданы*-Орталығы-Шымкент қаласы. Қала Қазақстандағы ең ежелгі қала. XII ғасырда Орта Азияның сауда орталығының жолында орналасқан. Шымкент қаласы республикамыздың ең ірі орталығы, халықтың орналасуы бойынша Алматы, Қарағандыдан кейінгі ірі қала. Шымкент қаласы маңындағы табиғи объектілер Ақсу-Жабағылы қорығы.

Тарихи ескерткіші бойынша Сауран-Шымкент ауданындағы ең белгісі *Испиджаб қаласы* (Ақ қала). X ғасырда Сайрам қақпасының болуы қалада экономикалық, саяси, мәдени жағдай жоғары және ірі орталық болғанын аңғартады. Сайрам қаласында көптеген мешіттер мен мазарлар сақталған. Олар: Ідіріс-Қазы-Байғазы мешіі, Абдул-Азиз-баба мазары, Базлақ ата мешіті, Мир-Әли-Баб-ибн-Падша Мәлік және Керуен Ана мешіті салынып, сақталған. Шымкент қаласынан 12 шақырым қашықтықта Сайрамауылы орналасқан. Сайрам көк желекті, бау-бақшалы қала, орталық болған. Сайрамның ежелгі атауы Испиджаб болған. Испиджаб орта ғасырдағы жаудан қорғанатын алып қорған-қару ретінде әйгілі болған.

**Жоғарғы-Бұқтырма көрікті ауданы-** Қазақстанның солтүстік шығысында ірі тау жүйесі Алтайда орналасқан. Алтай тауынан Бұқтырма өзені бастау алады. Бұқтырма аумағы көп уақытқа дейін Бұқтырма өлкесі деп аталған. Өлкенің жалпы ауданы 1600 шақырым шаршы. Бұқтырма өзені Табын-Богда-апа мұз тауларынан бастау алып, белгілі Белуха өзені болып ағады. Бұқтырма ландшафты жергілікті жағдайға байланысты бірнеше рет өзгереді. Жоғарғы бөлігі тақыр, мәңгі мұз болып жатыр, төменгі бөлігі альпілік шалғын, одан төмен қарай аралас орман (қайың, қарағай, т.б.), төменгі бөлігін аршалы орман алып жатыр. Жоғарғы Бұқтырма ауданындағы ең бағалы туристік объект Марқакөл көлі және

Марқакөл қорығы және Рахманов бұлағы. Марқакөл Қазақстандағы ең биікте орналасқан көл. Тереңдігі 6-7 метр, Күршім жотасынан 3000 метр биіктікте орналасқан. Көл аумағы ерекше, өзіне тән өсімдік және жануарларға өте бай. Өсімдіктердің-19, жануарлардың-200 түрі кездеседі. *Марқакөл* - көлінде болған адамдарда Алтайдың қарлы шыңдары, көл жағажайы мәңгі есінде сақталады. Алтай тауының биік нүктесі Белуха (4506 м), таза аауа, емдік қасиетке ие орын. Ал жер асты термальды радиондық көзі +38 градус полиартритов әртүрлі сүйек аурулары, жұлын, радикулит, нерв жүйесі ауруларын емдеуде өте пайдалы. Жаяу, шаңғы, тау сүюшілерге арналған іс-шаралар ұйымдасырылып, туристік құрал-жабдықтарпрокатқа беріледі. Емдеу орталығы Өскемен қаласынан 480 шақырым қашықтықта орналасқан. Қатон - Қарағай ауылы Бұқтырма өзені бойындағы көрікті аймақ саналады.

***Астана қаласы көрікті ауданы*** - Астана еліміздің Елордасы. Солтүстік Қазақстан аймағындағы көрікті, туризм және экономикалық тұрғыдан дамыған қала. Астана қаласының көрікті аймақтары, Сулы - Жасыл бульвар - Астананың жаңа алаңындағы көше, Ақ Орда - Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы, Бәйтерек монументі – Астананың символы және басты көрікті жері, Тәуелсіздік сарайы – дипломатиялық және басқа да халықаралық маңызды кездесулер өткізетін орын, Бейбітшілік және келісім сарайы – әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының конгресі өтетін жер, Хан Шатыр – ірі сауда, ойын - сауық орталығы, «Шабьт» шығармашылық сарайы – қаланың мәдениет және өнер орталығы, «Қазақ елі» монументі – Қазақстан Тәуелсіздігінің символы көрікті туристік нысандарға жатады. Сонымен бірге Астана еліміздің Елордасы экологиялық және экономикалық туризм дамытуға мүмкіншілігі жоғары аймақ.

***Батыс Қазақстанның көрікті аймағы Каспий теңізі-жер шарындағы бірден бір тұйық су айдыны.*** Оның көлемі-380 мың км<sup>2</sup>. Каспий теңізі солтүстіктен оңтүстікке дейін 1030 км, батыстан шығысқа дейін 196-435 км аралықты қамтиды. Солтүстік-шығыс бөлігінің климаты континенталды, ал оңтүстік-батысы субтропикалық климатты құрайды. Каспийдің солтүстік жағалауы таяз, көбіне қайраңдардан тұрады. Каспий теңізі Еуропа және Азия континенттерінің түйіскен жерінде орналасқан. Каспий қайраңы өте ерекше табиғат туындысы әрі өсімдіктер мен жануарлардың қолайлы ортасы. Мұнда “Қызыл кітапқа” енген өсімдіктер мен жануарлар көптеп кездеседі. Тұйық су айдыны болғандықтан мұндағы организмдердің Басымы эндемиктер. Теңіздің құнды байлықтарының бірі-бекіре тұқымдас балықтар. Олардың 5 түрі тіршілік етеді. Бекіре тұқымдастардың дүниежүзілік қорының 70%-ы осы теңіздің үлесіне тиетінін мақтанышпен айтуға болады. Каспий ойпаты өзінің табиғат ескерткіштерімен, фаунасы және флорасының көптүрлігімен ерекшеленеді. Мұнда өсімдіктердің 945, балдырлардың 64, фитопланктондардың 414, зоопланктондардың 100 ден аса түрі тіршілік етеді. Каспий теңізі кәсіптік балықтарға бай. Теңізде балықтың 76 түрі кездеседі. Каспий теңізі жыл құстарының да сүйікті мекені. Теңіз жағалауларында 3-3,5 млн. құстар қыстап қалса, ал жыл құстарының саны 10-12 млн-ға жетеді. Жайық өзені Қазақстанның су туризмі дамыған аймағы. Көрікті ландшафттары мен өсімдік, жануарларына бай өлке Жайық өзен балық аулау, аң аулау, су туризмі, танымжорық мақсатында экотуризмді дамытуда өте қолайлы аймақ. *Торғай-Мұғалжар* көрікті аймағына Ақтөбе қаласы, Мұғалжар тауы, Қостанай қаласы, Наурызым қорығының ерекше табиғат жағдайлары мен тарихи-табиғи ескерткіштері жатады. *Сырдария көрікті аймағына* Қызылорда қаласы, Арал теңізі, Сырдария өзені, Жаңақорған емдеу-сауықтыру орталығы, шөл және шөлейт жерге тән болған өсімдіктері мен топырағы, жануарлары, аңызак желдері мен құрғақ климаты экотуризм дамуының ерекше нысаны болады.

**Балқаш көлі көрікті аймағына** Балқаш көлі, Іле өзені, Алтынемел ұлттық саябағы жатады. Балқаш көлі - Қазақстандағы ең ірі экожүйелерінің бірі. Көл Балқаш-Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі-501 мың км<sup>2</sup>, ұзындығы-605 км, ені-9-74 км аралығында. Ал ең терең жері-26 м. Бұл көлдің 1970 жылдардағы сипаты болса, қазір мүлдем басқаша. Жетісу өзендерінің ішінде Іле, Қаратал, Ақсу және Лепсі өзендері Балқашқа құяды. Балқаш көлі шөлейт және шөл табиғат белдемдерінде орналасқандықтан, оның климаты шұғыл континентті болып келеді. Іле-Балқаш алабы Қазақстандағы тарихи-табиғи ескерткіштерге бай өлке. Бұл өңірде Шарын тау өзені мен оның бойындағы Шарын тауларындағы тастағы таңбалар мен тас мүсіндер және қорғандар жүйесі, Шарын шатқалы, Әнші құм атты табиғат туындысы, Алтынемел ұлттық саябағы, Кербұлақ сияқты қорыққорлар бар. Жетісу деп аталатын бұл аймақта 3 млн. астам халық тұрады. Ең ірі қалалары-Алматы, Талдықорған, Жаркент.

Тараз көрікті аймағы тарихи ескерткіштерге бай өлке. Меркі демалыс орны, Манкент, Ақсу-Жабағалы қорығы орналасқан.

13. Астана (Астана қаласы)

14. Батыс Қазақстан (Жайық өзені, Каспий теңізі, Атырау, Орал қалалары)

15. Торғай-Мұғалжар (Ақтөбе қаласы, Мұғалжар тауы, Қостанай қаласы, Наурызым қорығы)

16. Сырдария (Қызылорда қаласы, Арал теңізі, Сырдария өзені, Жаңақорған емдеу-сауықтыру орталығы)


17. Ертіс-Қарағанды (Қарағанды қаласы, Орталық Қазақстан аймағы, Алакөл, Зайсан көлі)

18. Солтүстік Қазақстан (Петропавл қаласы, Павлодар қаласы, Қарағайлы ормандар зонасы)

19. Балқаш көлі (Балқаш көлі, Іле өзені, Алтынемел ұлттық саябағы)

20. Тараз (Тараз қаласы, Меркі демалыс орны, Манкент, Ақсу-Жабағалы қорығы)  
(Сурет-1).

Сурет-1



## ҚОРЫТЫНДЫ

Туризмнің дамуы елді – мекендердің, жергілікті аймақтардың инфраструктурасын жақсартады, экологиялық маршруттар, халықтың экологиялық және экономикалық білімін дамыту, миграциясын қалыпты жағдайда сақтаумен тығыз байланысты. Өртүрлі ландшафт және биологиялық ресурстарға бай Қазақстан әлемдік беделге ие. Сондықтан табиғи ресурстар мен табиғи, тарихи ескерткіштерді сақтау, мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық, аймақтық, халықаралық ұйымдарды біріктіру арқылы табиғатты қорғауға қажетті жағдайлар қарастыру арқылы туризмді дамыту қажет.

Болашақта еліміздің басты туризм бағыттарын дамытатын аймақтарына Оңтүстік, Шығыс, Солтүстік және Батыс Қазақстан аймақтары жатады. Сондықтан бұл аймақтардың экологиялық жағдайын жақсартып, көріктілігі мен рекреациялық ерекшелігін сақтау мәселелеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Осыған сәйкес еліміздегі туризмді дамыту бағытында төмендегідей мәселелер қамтылып тиімділігі мен пайдалану әдістері жан-жақты қарастырылды:

- Қазақстандағы туризмнің даму кезеңдері;
- туризмнің даму мүмкіндіктері;
- Қазақстандағы туризмнің даму жағдайлары;
- туризм нысандары;
- туризмді дамытуда көрікті аймақтарды анықтау, бағалау;
- рекреациялық- көрікті аймақтарды аудандастыру;
- туристік-рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану бағыттарын анықтау;

- туризм дамуының алғышарттарын анықтау арқылы даму болашағын айқындау.
- туризм саласын аймақтық деңгейде дамыту мүмкіншіліктері анықталды;
- туризмді дамытуда шет ел тәжірибелерін пайдаланудың салыстырмалы әдістері ұсынылды;
- туризм және тұрақты даму арқылы табиғат ресурстарын, рекреациялық аймақтарды қорғау, қалпына келтіру мәселелері тұжырымдалды;

**Ұсыныстар:**

1. Қазақстандағы туризм саласын дамытуда экотуризмнің ролін жоғарғы деңгейге жеткізу және Тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес табиғи ортаға зиянды әсерін азайту.
2. Туризм табиғаттың сақталуы мен оның сақталуына мүдделі жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын жақсартуға әсер етеді. Егер экотуризмге қажетті деңгейде көңіл бөлінбесе, онда экологиялық және эстетикалық көзқарас тұрғысынан көптеген құнды ресурстар әлемдік және мемлекеттік экологиялық дағдарыс нәтижесінде мәңгілікке жойылуы мүмкін.
3. Туризмнің дұрыс ұйымдастырылуы мен мемлекеттік бақылауы мен қадағалануы табиғатты пайдалануды реттеуге, экожүйелерге шектен тыс рекреациялық күшті азайтуға, экономикалық және экологиялық проблемалардың шешілуіне, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға, экологиялық білімді насихаттауға, туристік қызметтен экономикалық тиімділік алуға қажет.
4. Еліміздегі туризмді дамытуда көрікті ландшафттардың, рекреациялық ресурстарының болуы аймақтық орналасу тұрақсыздығымен сипатталады. Бұл ең алдымен халықтың біртекті орналаспауы, ірі қалаларда шоғырлануы, облыс аймақтарының шөлді және шөлейт ландшафттарда орналасуы мен байланысты.
5. Табиғи және антропогенді рекреациялық ресурстарды талдау нәтижесінде туризмді дамыту үшін көрікті аймақтарды аудандастыру негізінде еліміздің табиғаты бағаланды.
6. Туризмді дамытуда туристік инфрақұрылымның жағдайы үлкен орын алды, ол материалды-техникалық базаның төмендігімен және облыс аймақтарында біркелкі таралмаумен сипатталады.
7. Болашақ ұрпақ үшін ерекше табиғи және тарихи, мәдени нысандарды қорғау, табиғатты пайдалануды реттеу мақсатында географиялық ақпараттық жүйені құру керек.
8. Табиғи және көрікті рекреациялық ресурстардың табыс көздеріне жергілікті халықтың түсінуіне мүмкіншілік беру және туризмді дамыту бағытында жұмыстарды ұйымдастыру.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы туризмнің даму болашағын айқындау арқылы еліміздегі туризм салаларын жан-жақты дамытамыз, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы ұлттық экологиялық және экономикалық мәселелерді шешу мүмкіншіліктері артады. Туризмді дамыту арқылы еліміздің жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғаймыз, экотуризм аймақтарға бөлу арқылы рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз. Еліміздегі туризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Александрова А.Ю., (2001), *Международный туризм*. М.



2. Ердаулетов С.Р. (2000), *География туризма: история, теория, методы, практика*. Алматы: Атамура.
3. Ердаулетов С.Р. (1991), *Основы географии туризма: Учебное пособие*. Алма-Ата : КазГУ.
4. Мироненко Н.С. (1981), Твердохлебов И.Т. *Рекреационная география*. Москва.
5. Пирожник И.И. (1985), *Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания*. Минск Университетское.
6. С.Р.Ердаулетов (1997), *Проблемы и перспективы казахстанского туризма*. Алматы
7. Ю.С.Путрик (2001), *Туризм глазами географа*. Алматы.
8. С.Р.Ердаулетов (1992), *География туризма Казахстана*. Алматы. Ғылым.
9. Закон РК «О туризме» (3.07.1992), Постановление РК. Алматы.

## **АҚСУ- ЖАБАҒАЛЫ ҚОРЫҒЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ**

*оқытушы Садыкова Марияш  
тарих пәні оқытушысы Әділхан Динура  
Алматы қаласы  
Қазақстан  
damelia\_71@mail.ru*

### **ТҮЙІНДЕМЕ**

Экологиялық туризм - қазіргі заман туризм бағытындағы әлемдік дамыған туризм түрі. Экологиялық туризм адамның айналадағы ортаға тигізетін әсерінен пайда болады. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау. Антропогендік іс-әрекет, туризмнің экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Соған байланысты әлемнің көптеген елдерінде табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын жоспарланған аймақтық туризм, яғни экологиялық туризм пайда болды. Экологиялық туризмді дамыту мақсатында дүние жүзілік табиғат қоры, табиғат ресурстары мен табиғатты қорғау халықаралық одағы ұйымдары құрылды. Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен нысандар арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандырады. 2001 жылы халықаралық конференцияда экологиялық туризмнің нақты анықтамасы ұсынылды. Мақалада Қазақстандағы Ақсу-Жабағалы қорығының экологиялық және экономикалық мәселелері мен алдын алу шаралары, экотуризмді дамыту бағыттары мен тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** экология, экотуризм, рекреация, тұрақты даму, табиғат ресурстары, рекреациялық аймақтар, ерекше қорғалатын аймақтар, туризм.

## **ECOTURISM DEVELOPMENT IN AKSU-ZHABAGALY RESERVE**

*Senior teacher Sadykova Mariyash  
teacher of history Adilkhan Dinura  
Almaty city  
Kazakhstan  
Tattibike\_73@mail.ru*

### **ABSTRACT**

Ecological tourism is a modern type of tourism in the developed world in the field of tourism. Ecological tourism is the result of human impact on the environment. Ecological tourism is an active and educational travel to nature objects. Human action, fulfilling the requirements of the environmental tourism development contributed to the degradation of natural systems gradually. Thereby, in many countries of the world planned regional tourism, ie environmental tourism, which maintains the uniformity of natural complexes. In order to develop ecological tourism, the World Wildlife Fund, the International Union of Natural Resources and Environmental Protection has been established. Of course, the concept of "ecological tourism" does not just mean traveling around the globe with no human feet came and unused areas. Currently, this concept covers a wide range. It is defined as the main

purpose of ecological tourism: to understand the need to integrate with nature, understand its essential meaning and protect it. Therefore, tourism can be characterized by the presence of an "open" environment of mankind. At the same time, it is closely linked with its artistic, exotic, unique phenomena and phenomena, and meets the scientific geographical needs of a person. In 2001 the international conference presented a clear definition of ecological tourism. The article examines the ecological and economic problems Aksu-Zhabagly Reserve and measures to prevent these problems, recreational resources and ecotourism destinations.

**Key words:** Ecology, ecotourism, recreation, sustainable development, natural resources, recreational areas, specially protected areas, tourism.

Ақсу-Жабағалы қорығының даму мәселелері мен жағдайы бүгінгі күннің басты мәселесі болғанымен экологиялық мәселенің алдын-алу, көрікті, рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы экологиялық туризмді дамыту арқылы экономикалық мәселелерді шешу ең өзекті мәселе.

Қорық - ерекше қорғауды қажет ететін құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін табиғи күйінде сақтайтын жер.

Көптеген тарихшы ғалымдардың еңбектерінде қазақ жерінде ерекше қорғалатын жерлер YI-YII ғасырларда болғанын жазады. Мысалы, тарихшы В.В.Бартольд еңбектерінде жер жаннаты-Жетісу аталған мекенде өмір сүрген үйсін тайпалары шұрайлы, көк аталған мекенде өмір сүрген үйсін тайпалары шұрайлы, көк шалғынды, бау-бақшалы салқын жерлерді қорыққа айналдырып, ретсіз мал жаймағандығын, мезгілсіз аң ауламағандығын жазған [1].

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Мәселен, Англияның кішкене ғана жерінде 189 ұлттық қорықша, 10 ұлттық саябақ, 81 корольдік қорықтар болса, ал Германия жерінде 735 қорықшалар, 400-ден астам ландшафтық заказниктер, 9100 табиғат ескерткіштері бар. Сол сияқты Франция жерінде 22 ұлттық саябақ, 20 қорық бар екенін ескерсек, жоғарыдағы «өркениетті» елдердің табиғатты қалайша сүйетінін айқындауға болады [3].

Әрине, шет елдермен салыстырғанда бұл өте аз. Оның да өзіндік себептері бар. Десе де, табиғат қорғау ісінде шетелдік тәжірибелер мен парасатты көзқарастарымыздың жетпей жатқанын мойындауымыз тиіс.

#### Мониторинг-1

##### Экологиялық туризм нысандары




Ал, Қазақстан Республикасы бойынша 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3% пайызын қамтиды. Мұның өзі табиғат қорғау

проблемасының өз шешімін таппай отырғанын көрсетсе керек. Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады (Мониторинг-2).

*Мониторинг-2*

Қазақстан қорықтары мониторингі



Ақсу-Жабағылы қорығы өсімдіктер дүниесіне бай. Оның территориясында мүктің 61, қынаның 58-ден астам, жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1336 түрі өседі. Бұл – бүкіл Қазақстанның өсімдік құрамының төрттен бірі. Негізгі биік аймақтары өзінің таңқаларлық бейнелерімен жартылай шөлейттер ылғалды жазықтармен алмасып аршалы ормандарына өтеді. Ылғалды даладағы бай жазықтар аршалармен астасып жатқан жіңішке бұталардың өсуіне қолайлы жағдай туғызған. Көздің жауын алатын қатаң қарлы шыңдардың бөктерінде түрлі түсті альпі гүлдері жайқалып өскен (Мониторинг-3).

Ақсу-Жабағылы қорығында өсімдіктер тұқымдастарының жалпы саны 438, түр саны 1306. Оның ішінде күрделі гүлділер тұқымдастарының саны – 69 (түр саны – 216), бұршақ тұқымдастар – 14 (131), астық тұқымдастар – 41 (122), ерінді гүлділер – 24 (70), шатырша гүлділер – 34 (69) болса, раушан гүлділер тұқымдастарының саны -24 (түр саны – 68), қалампыр тұқымдастар – 15 (60), лалагүл тұқымдастар – 11 (56), сарғалдақ тұқымдастар – 18 (49), сабынкөк тұқымдастар – 21 (40), айқыш гүлділер – 21 (39). Ал басқа бірқатар өсімдіктің тұқымдастар саны 1-ден 8-ге дейін ғана. Ақсу-Жабағылы қорығында қызғалдақтар қорықталады [2].

Қызғалдақтар - Қазақстанда өсетін лалагүлділер тұқымдасына жататын 8 туыстың бір туысы болып саналады. Қызғалдақтар көп жылдық шөптесін өсімдіктер тобына жатады. Олардың елімізде жабайы 34 түрі өседі.

Грейг қызғалдағы – өте әдемі, сәнді өсімдік. Қазір Ақсу-Жабағылы қорығында сақталған. Алматы, Қарағанды, Жезқазған ботаникалық бақтарында қолдан өсіріледі. Грейг қызғалдағы өте сирек кездесетін түр болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Қолайлы табиғи-климаттық жағдай, минералдық көздердегі сулардың химиялық құрамы, көрікті табиғат ерекшеліктерінің болуы, ауданда халықтың тығыз қоныстануы, табиғат көркінің әр алуандығы сол жерлерге демалыс орындары мен орталықтарын салуға негіз болуы мүмкін. Туристік сала мақсаттары үшін қолайлы табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға ие аумақтарды өздігінен туристік ресурстар ретінде қарастыра аламыз, олай болу, тиісті қажеттіліктер байқалғанда және туристік индустриямен олардың игерілуі жүзеге асқан жағдайда ғана мүмкін екендігін алға тартамыз. Ақсу-Жабағылы қорығының көрікті орындар, өзендері аумағындағы су ресурстары, флора мен фаунаның тартымдылығы туристік-рекреациялық қызметтің барлық түрін дерлік дамыту үшін мүмкіндіктер береді [3].

Ақсу-Жабағылы қорығында саны өте аз, ерекше қорғауды керек етіп отырған жыртқыш құстарда бар. Оларға сақалтай немесе қозықұмайды, сондай-ақ

жыланжегішті, лашынды, ителгіні жатқызуға болады. Бұл өңірде ол құстардың саны аз.

Ақсу-Жабағлы қорығында экотуризмді дамытуға арналған көптеген мүмкіндіктер бар. Олар:

- экотуристік ресурстардың болуы, қолайлы географиялық орнын, қолайлы табиғат жағдайлары (климат, жыл мезгілдері) мен жақын маңайда елді-мекендерді және де қорықтағы туристік құндылықтарды жатқызамыз.
- қолайлы географиялық орналасуы.
- климаты мен жыл мезгілдері. Климаты-континентті қоңыржай болып келеді.

Ақсу-Жабағалы қорығында экотуризмді дамыту жергілікті халықтың еңбекпен қамтылуына, экологиялық білім мен тәрбиенің қалыптасуына әсер етеді. Қорық маңында Жабағалы (2100 адам) және Төңкеріс (800 адам) ауылдары жатады. Халықтың этникалық құрылымы негізінен қазақтар (95%). Ақсу-Жабағалы қорығында үңгірлер, алуан түрлі пейзаждар мен шатқалдар сияқты көптеген туристік құндылықтар бар. Сондықтан қорық аймағында экотуризмді дамыту маңызды және қолайлы.

Ақсу-Жабағалы қорығында туристік инфрақұрылым мен қызмет көрсету салаларының тиімділігі:

- туристерге жету қолайлығы.
- туризмге арналған жағдайлар.
- гид-нұсқаушы қызметінің нақтылығы:

-ауыз суы, денсаулықты сақтау және энергия мен жабдықтау жоғарғы деңгейде:

- тұрғылықты және халықаралық нарығы айтарлықтай жақсы дамыған.

2004 жылдың қаңтар мен маусым айларында мекенде екі күндік ұзақтылықпен 400 туристер және 800 шетел туристері келген.

Экотуризмді Ақсу-Жабағалы қорығында экотуризмді дамытудың тиімділігі:

-алуан түрлі және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер дүниесі бар ерекше табиғи территориялар;

- тартымды әрі алуан түрлі таңғажайып жер бедері;

- үңгірлер, көлдер мен шатқалдар сияқты көптеген табиғи құндылықтар;

- жазғы маусымдағы қолайлы климаттық жағдайлар;

- әр түрлі топтық дәстүрлі ауылдық бірлестіктер;

- тыныш әрі тұрақты ауылдық жер атмосферасы (аз транспорт, төменгі халық тығыздығы);

- қонақ жайлылығы;

- салыстырмалы саяси жағдайдың тұрақтылығы;

- қызмет көрсету сферасының жақсы дамуы;

- жергіліктің ақпараттық қолайлығы;

- туристік орталықтың бар болуы;

Экотуризм табыс әкеле отырып, қорғалатын табиғат іс-шараларын жүзеге асыра алады. Туризмді нашар басқару арқасында қолайсыз жағдайлар пайда болуы мүмкін. Сондықтан, туристерді толық қанағаттандыратын және де табиғатты қорғау қорына қаржылай түсімдерді түсіретін тұрақты туризм түрін дамыту қажет.

Осыған байланысты келесідей іс-шаралар ұсынылады:

- 1) Ақсу-Жабағалы аумағы бойынша турупакеттарын дайындау;
- 2) Туроператорларына ақпарат;
- 3) Таныстыру сапарлары;
- 4) Халықаралық нарық туроператорларына ақпараттар
- 5) Ерекше қорғалатын табиғи территорияларда туризмді енгізу үшін қажетті құқықтық реттеулер.

Ақсу-Жабағалы қорығына туристердің келу динамикасы

Мақсатты топтар	2005 жыл	2006 жыл	2009 жыл	2012 жыл
Шетелдіктер	82	10	158	170
Оқушылар мен студенттер	350	337	214	243
Ересектер	1013	1017	2987	2763
Қысқы кезеңдегі балықшылар	635	459	481	630
Барлығы:	2080	1892	3840	3806

Қорытындылай келгенімізде Ақсу-Жабағалы қорығын экологиялық, экономикалық тұрғыдан бағалау, рекреациялық аймақтарды қорғау, қалпына келтіру мәселелері мемлекетіміздің, жергілікті аймақ болашағы үшін өте маңызды деп санаймыз.

Ақсу-Жабағалы қорығының экологиялық жағдайына талдау жасай отырып келесідей қорытындыға келдім. Ақсу-Жабағалы қорығының буферлік зоналарында экотуризмді дамытуға барлық мүмкіндіктер бар және олар осы аймақта экотуризмді дамытуда біршама жақсы қолдануда.

Ақсу-Жабағалы қорығында экотуризмді дамыту арқылы жергілікті халықтың әлеуметтік – экономикалық жағдайының жақсаруына әсер етеді. Ақсу-Жабағалы қорығы шетел азаматарының арасында, әсіресе американдықтар арасында үлкен қызығушылық тудырады. Экотуризм Ақпараттық Ресурстық Орталықтан алынған мәліметтер бойынша 2004 жылы қорықта 85 американдық туристер болған. Ақсу-Жабағалы қорығында экотуризмді одан әрі дамыту мен жетілдіру үшін келесідей шараларды қолдану керек:

- ең бастысы қорықта экотуризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау табу керек, заңдар мен нормативті-құқықтық актілер қабылдану керек;
- қорық маңайындағы елді-мекендерде инфрокұрлымды дамыту керек;
- жергілікті халық арасында патриоттық сезімді оятып, табиғатты аялауға шақыру керек;
- қорықтағы қызмет көрсетуші кадрлардың санын көбейтіп, қызмет сапасын көтеру керек. Көптеген тренингтер мен семинарлар өткізу қажет;
- кафе және мейрамханаларды дамыту.

Осы айтылған шараларды жүзеге асыру арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Нәтижесінде Ақсу-Жабағалы қорығы экотуризмді жақсы дамыған әлемдік сұранысқа ие болатын қорық болады. Ұсынылған ғылыми жобалар мен мәліметтердің ерекшеліктері еліміздегі жаңадан қалыптасу бағытындағы экологиялық туризмнің негізгі мәселелері айқындалып, шешу жолдары жан-жақты қарастырылды. Сонымен бірге еліміздің табиғи табиғат қоры саналатын Ақсу-Жабағалы қорығының табиғат ресурстары мен көрікті рекреациялық аймақтарын қорғау, экономикалық, экологиялық тұрғыдан бағалау арқылы мемлекетіміздің экономикасының дамуына, экологиялық жағдайының жақсаруына, әлемдік деңгейде мәртебесін айқындауда тиімді пайдалану қажеттілігін айқындайды.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Шевченко В.В. Государственный заповедник Аксу-Джабаглы.-Алма-ата, 1948.-Вып.1.
2. Ковшарь А.Ф. Аксу-Джабаглы:-Алма-ата «Кайнар», 1972. 3-10 бет.
3. Садыкова Д.А., Н.А. Мухамединова ҚР экологиялық проблемалары. Алматы, 2014ж.
4. Вторжение в природную среду. Оценка воздействия, основные положения и методы /Пер с англ. Изд. Эк. Программы ООН. М. Прогресс, 1983.
5. Гришин Н.Н. Основные принципы ОВОС и отечественная система подготовка и принятия решений // Экологическая экспертиза и ОВОС-1996 №1.
6. Донченко В.К., Питулько В.М., Растоскуев В.В. и др. Экологическая экспертиза. М.. Издательский центр «Академия», 2004.

7. Степаовских А.С. Прикладная экология охрана окружающей среды. М.ЮНИТИ-ДАНА, 2003.
8. Закон РК от 30 августа 1995г.
9. Земельный кодекс РК от 20 июня 2003г.
10. А.С.Бейсенова, К.Д.Карпеков. Қазақстан географиясы. Алматы : Атамұра 2004ж

**CONGRESS PHOTO GALLERY**









